12.03.2026 ж

Родников ауылдық округінің
әкімі Р.С. Абиловқа
бас маман Г. Ибраевадан

Қызметтік хабар

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 және 37-баптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 6-бабына сәйкес төмендегіні хабарлаймын.
Көктемгі кезеңде Родниковка ауылдық округі аумағында қыс мезгілінде жиналған қар жамылғысының қарқынды еруі, сондай-ақ атмосфералық жауын-шашынның түсуі салдарынан елді мекендерді су басу қаупі жыл сайын туындайды. Өңірдің климаттық ерекшеліктерін және қардың ұзақ уақыт еру кезеңін ескере отырып, еріген қар суларының едәуір көлемде жиналу ықтималдығы бар, бұл тұрғын үйлерді, инфрақұрылым нысандарын су басуына, сондай-ақ автомобиль жолдарының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және су тасқыны салдарының ықтимал зардаптарын барынша азайту мақсатында техникалық ерекшелікке сәйкес келесі қарсы су тасқыны іс-шараларын уақтылы жүргізу қажеттілігі туындайды, атап айтқанда: су бұру арналары мен су өткізу құрылыстарын тазалау, еңістерді бекіту, ойпаң жерлерге инертті материалдар төгу, құм салынған қаптарды төсеу, сондай-ақ жиналған суды сорып шығару.
Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, тапсырыс беруші дағдарыстық жағдайлардың, төтенше жағдайлардың немесе төтенше жағдай режимінің салдарын болдырмау, оқшаулау және (немесе) жою қажеттілігіне байланысты мемлекеттік сатып алуды өзге тәсілмен өткізу мүмкін болмаған жағдайда **бір көзден сатып алу тәсілімен** жүзеге асыруға құқылы.

Су тасқыны жағдайы жоғары тәуекел факторларына жатады және жедел шешім қабылдауды, сондай-ақ қажетті жұмыстарды дереу орындауды талап етеді. Мемлекеттік сатып алуды бәсекелестік тәсілдермен өткізу белгілі бір уақытты талап етеді, бұл ықтимал су тасқыны жағдайында қарсы су тасқыны іс-шараларының уақтылы жүргізілмеуіне және ауылдық округ тұрғындары мен инфрақұрылымына қауіп төнуіне алып келуі мүмкін.
«Карим Консалт Групп» ЖШС қажетті арнайы техникамен және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етілген, сондай-ақ осыған ұқсас жұмыстарды орындау тәжірибесі бар білікті мамандарға ие. Сонымен қатар, кәсіпорын Родниковка ауылдық округі аумағында жұмыстарды қысқа мерзімде орындау үшін техниканы және жұмыс күшін жедел жұмылдыру мүмкіндігіне ие.

«Карим Консалт Групп» ЖШС-нің қосымша артықшылығы – аумақтық қолжетімділігі және шарт жасалғаннан кейін жұмыстарды дереу бастауға дайын болуы, бұл ықтимал су тасқыны жағдайында маңызды фактор болып табылады.
Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, жолдарды күтіп-ұстау (су тасқынына қарсы жұмыстарды жүргізу) қажеттілігіне, «Карим Консалт Групп» ЖШС-нің қажетті материалдық-техникалық ресурстарының және ұқсас жұмыстарды орындау тәжірибесінің болуына, сондай-ақ жұмыстарды дереу бастау мүмкіндігіне байланысты аталған ұйыммен **бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілі арқылы** шарт жасасуды орынды деп санаймын.
Осыған байланысты Родниковка ауылдық округі аумағында 2026 жылдың көктемгі кезеңінде қарсы су тасқыны іс-шараларын жүргізу бойынша «Карим Консалт Групп» ЖШС-мен бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілі арқылы шарт жасасу мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймын.

Қарсылығым жоқ: **Р. С. Абилов**

«Мәртөк ауданының Родниковка ауылдық округі мемлекеттік мекемесінің әкімінің аппараты» БСН 920340000458

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы
Мәртөк ауданы Родников
ауылдық округінің әкімі
ӨКІМ

Республика Казахстан
Актюбинская область
Аким Родниковского сельского
округа Мартукского района
РАСПОРЯЖЕНИЕ

Мәртөк ауданы, Родников селосы,
Гоголь көшесі 1, 030611
тел:8(71331)25024,
факс:8(71331)25223,
э/а: rodnikovakimat@gmail.com

Мартукский район, село Родниковка
улица Гоголя 1, 030611
тел:8(71331)25024
факс:8(71331)25223
э/а:rodnikovakimat@gmail.com

№ 03-12/16

2026 жылғы «12» наурыз

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жузеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңының 35, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңынын 6 бабына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН**:

1. Жолдарды күтіп-ұстау (су тасқынына қарсы жұмыстарды жүргізу) үшін «Карим Консалт Групп» ЖШС-мен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

2. Сатып алуды уйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды бас маман Г.Б. Ибраева орындасын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: қызметтік жазба.

Родников ауылдық округінің әкімі Р. С. Абилов

Орындаған: Г. Б. Ибраева
тел.: 8 (71331) 25-2-23